

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ –БҮГІНГІ КҮН ТАЛАБЫ

Аннотация

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы - оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, өзіндік даму мен іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Әрбір тұлғаның білім алу үдерісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер бере отырып, тұлғаның танымдық қызметін тиімді ұйымдастыру арқылы жаңа білім алу технологиясын түбегейлі өзгеруіне жол ашады.

Кілт сөздер: технология, инновациялық технологиялар, ақпараттық технологиялар, ақпараттық мәдениет, қоғамдық ақпарат, техникалық прогресс, ХХІ ғасыр – ақпараттық қоғам дәуірі.

Ключевые слова: технология, инновационные технологии, информационные технологии, информационная культура, общественная информация, технический прогресс, ХХІ век – эпоха информационных технологий.

Keywords: technology, innovative technologies, information technologies, informative culture, public information, technical progress, XXI a century is an epoch of information technologies.

Елбасының «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты жолдауында «Біз бүкіл елімізде білім беруде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы қызмет көрсетуге қол жеткізуіміз керек» деген болса, бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияны жаңғырту және ақпараттық құралдарды кеңінен қолдануды қажет етеді десе, реформаланудың бүгінгі күні білім беру саласының басты мақсаттарының бірі-инновациялық технологияларға қабілеттерін арттыруын, сапалы ойдың дамуына мүмкіндік жасау жолдары болып отыр[1,1б.].

Қазіргі даму кезеңінде білім беру жүйесінің алдында оқыту үдерісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Сондықтан оқу үрдісін дамыту қазіргі технологияларды жетілдіріп, білім сапасын жоғарлату үшін басты бағыты болып отыр.

Қазіргі инновациялық – озық технология туралы айтатын болсақ, технология грек сөзінен, яғни өнерпаздың шеберлік, іскерлік деген ұғымды білдіреді.

Ғалым-педагог В.П. Беспалько «Оқу- тәрбие процессінің алдын – ала жүйелі түрде жобалануы, оны тәжірибеде жүзеге асыру, яғни белгілі педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асатын жобасы»[2].

Инновациялық (озық) білім беру деп - тұлғаның бағдарлы көзқарасты, білімдегі дәлдікті, шығармашылық бастауды сонымен қатар жаңа технологиялық мағлұматтарды игеруін айтады.

XXI ғасыр - бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениеттің дамуы, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын кезең. Білім беру үрдісін ақпараттандыру-жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Көрнекті педагог В.А. Сухомлинский «Сабақ – жасөспірімдердің интеллектуалдық өмірінде жай ғана сабақ болып қоймас үшін, ол қызықты болуы шарт. Осыған қол жеткенде ғана оқушы рухани өмірдің өзі тілеген ошағына, ал оқытушы осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына айналады» делінген. Осындай талап қойылған тың жаңалықтар іздемпаздыққа жетелейтіні сөзсіз [3,117 б.].

Қазіргі уақыт талабына сәйкес, орыс ғалымы Л.В.Занков « Жаңа технологиялық әдіс – тәсілдерді пайдалану- білім сапасын арттырудың –бір жолы» деп атап көрсеткендей, жаңа заман ағымына сәйкес әлемдік ақпаратқа ілесу, жаңаша әдіс тәсілдерді меңгеріп, пайдалана білу оқытушыдан үлкен ізденісті, өз білімін жетілдіріп алуды қажет етіп отыр[3, 117 б.].

Сондықтан, ақпараттық қоғамның негізгі талабы - оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттың бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технологиялар – бұл оқыту процесінің тиімділігін арттыруға әсерін тигізетін, оқыту пәнінің мазмұнын терең ұғынуға ықпал ететін құралдармен әдістердің жиынтығы. Оқу процесіне жаңа ақпараттық технологияны енгізу бұл оқу процесінің пәрменділігін арттыруға, сабақ қарқынын жеделдетуге, оқу барысының барлық кезеңдерінде әрбір үйренушінің оқу-танымдық әрекетіне үздіксіз бақылау жасауға септігін тигізеді.

Жаңа ақпараттық технология қолдану оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Зерттеуші ғалым Ш.Уәлиханов «Халықтың кемеліне келіп,өркендеп өсуі үшін ең алдымен тәуелсіздік пен білім керек.» -деген [4, 291б.]. Дәстүрлі әдістер мен әлемдік деңгейдегі озық технологияларды салыстыра, байланыстыра, өмір тәжірибесіне

ұштастыра отырып білім беру, білімге дұрыс бағытта білуге үйрену, әрбір оқытушының міндеті.

Яғни, ақпараттық-коммуникациялық технологияның маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру тұлғаның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. [5]. Жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісіне оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Қазіргі уақытта «қоғамды ақпараттандыру», «білім беруді ақпараттандыру» деген сөз тіркестері біздің сөздік қорымызға еніп кетті. Олай болса, қоғамды ақпараттандыру дегеніміз не? Қоғамдық ақпараттандыру дегеніміз - ғылыми техникалық прогресс жетістіктерінің күнделікті тұрмысқа ауқымды енуінің нәтижесі, яғни адам өміріне іс-әрекетінің интеллектуалды түрлерінің жан-жақты әсер етуі мен ролінің жоғарлауына байланысты объективті прогресс. Ол оқыту мазмұны әдісі мен ұйымдастыру түрлерінің өзгерісін тездетеді. Бұл прогресті негізгі мәселе білім берудің мазмұны мен мақсатын өзгерту болып табылады, ал оны технологиялық жағынан қамтамасыз ету - өндірістік мәселе. Қоғамды индустрияландыру кезінде білім беру жүйесі алдыңғы кезекте маманданған сауатты тұтынушыларды дайындауға бағытталса, ал білім беруді ақпараттандыру жағдайында бұл мәселе білім берудің негізі мақсатына ауысады. Мұндағы негізгі мақсат - оқушының қоршаған әлем жайында табиғи ғылыми болжамын қалыптастыруымен жалпы ізгілікті адамгершілікке дайындау болып саналады. Г.Нұрғалиеваның тұжырымдамауынша « Электрондық оқыту құралдарын пайдалану еліміздің білім деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Электрондық оқулықты қолдануда оқытушының сабаққа дайындалу мүмкіндігі артады, дидактикалық құралдар жасап жатудың қажеттігі туындамайды, әрбір сабағын шығармашылықпен ұйымдастыруға жол ашады. Мұндай технологиялар педагогтың ролін арттырып, оқытушы оқу үдерісіндегі басты тұлға болып қала бермек». [6]. Сондықтан да білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр. ХХІ ғасырда ақпараттандырылған қоғам қажеттілігінен қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютермен техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивтік құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру. Еліміздегі саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістеріне сай білім беруді ақпараттандыру бағытында мектебімізде жүргізіліп жатқан жұмыстар, ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылуда. Қазіргі кезең ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Бүгінгі таңда оқу орнында компьютер, интерактивті құралдардың көмегімен оқыту нәтижелерін зерттеудегі ғылыми проблемаларды шешу, ең басты орын алады. Білім беру жүйесін ақпараттандыру білім беру үшін үлкен перспективалар ашады. Соңғы жылдары компьютерлік телекоммуникациялық техника мен технологиялардың қоғам өміріндегі ролімен орнында түбегейлі өзгерістер болды. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды

игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға оқу және жазу қабілеті сияқты сапалармен бірге қатарға және әрбір елдің технологиялық даму дәрежесінде оның экономикалық қуаты мен халқының тұрмыс деңгейі ғана емес, сол елдің әлемдік қоғамдастыққа алатын орны, басқа елдермен экономикалық және саяси ықпалдасу мүмкіндіктері, сондай-ақ ұлттың қауіпсіздік мәселелерін шешуіне байланысты. Сонымен қатар, әлдебір елде қазіргі технологияның дамуы мен қолдануының деңгейі оның материалдық базасының дамуымен қатар емес, негізінен қоғамды парасаттандыру деңгейінен, оның жаңа білімді туындату игеру және қолдана білу қабілетімен анықталады. Жедел дамып отырған ғылыми - техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процессінің негізіне айналады. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздігі, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттердің ролі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар маңызды роль атқарады.

Біз бейбіт елде, мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз. Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін - өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпараттық технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге ұмтылыс бар. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. [7].

Ақпараттық қоғамда өндіріс дамуының негізгі құралы болып жаңа ақпараттық ресурстардың қажеттілігі айқын көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылады. Олай болса, білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігі мен сабақтастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бүгінгі таңда білім беру үрдісін ақпараттандыру, жаңа ақпараттық технологияларды дамыта отырып дара тұлғаны дамыта оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісін барлық деңгейлерінің тиімділігімен, сапасын жоғарылатуды білім саласы көздейді.

Қазіргі замандағы ақпараттық технология әрбір тұлғаның білім алу үдерісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Дәл осы ақпараттық технология мен әрбір тұлғаның өзіндік білім алу траекториясын таңдауына жол беретіні анық, білім беру жүйесін құруды, оқу бағдарламаларының өзгеру есебінен оқу үдерісінің біртұтастығын сақтай отырып, дидактикалық қасиеті негізінде тұлғаның танымдық қызметін тиімді ұйымдастыру арқылы жаңа білім алу технологиясын түбегейлі өзгертуді тығыз байланыстырады.

Олай болса, білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

1. “Egemen Kazakhstan»gazeti № 90-93(25939)12.03.2010g
- 2.V.P.Bespalko.Slagaemie pedogogisheskoi tehnologi.M.,1989,C.12-13.
3. Jangeldina A.N.Okitudin jana texnologialarinin negizgi erekwelikteri.Sapali natijage jetu negizgi-akparattik-kommunikasialik texnologiani koldanu takiribinda Kazakshtan Respublikasi Tauelsizdiginin 20 jildigina arналган oblastik gilimi-praktiklik seminar materilaldari.-2011g.Aktobe:Oblastik kadrlar biliktiligin arttiru jane dayarlau insitutinин redaksialik baspa ortaligi,2011-336b.
4. Tlepbergenova B.K.Akparattik-kommunikasialik texnologiianin okitu prosine koldanudin didaktikalik mumkindikter.Sapali natijege jetu negizi-akparattik-kommunikasialik texnologiani koldanu takiribinda Kazakhstan Respublikasinin Tauelsizdiginin 20 jildigina arналган oblastik gilimi praktikailk seminar materialdari.-2011j.Aktobe:Oblastik kadrlar biliktiligin arttiru jane kaita daiarlau insitutinин redaksialik baspa ortaligi 2011-336b.
- 5.Baidaliev D.D.M.X.Dulait atindagi Taraz memlekettil universiteti
Pedagogikalik protseste okitudin jana texnologilarin paidalanudin timdiligi.
6. SH.I.Kubenova.Kirispe soz,Sapali natijege jetu negizi-akparattik-kommunikasialik texnologiani koldanu takiribinda Kazakhstan Respublikasi Tauelsizdiginin 20 jildigina arналган oblastik gilimi-praktikalik seminar materialdari.-2011j.Aktobe:Oblastik kadrlar biliktiligin arttiru jane kaita daiarlau redaksialik baspa ortaligi,2011-336b.
7. Turkanova N.T. Bilim Beru texnologialarin oku urdisine engizudin timdiligi.

Резюме

Информационные технологии – требования сегодняшнего дня

Кусаметова Г.К., Раушанова И.М.

Основные требования информационного общества - дать учащимся основы информационных знаний, развивать их логико-умственные способности, использовать полученные знания как инструмент саморазвития и использовать полученные навыки к

адаптации в информационном обществе. Образовательный процесс обеспечивает каждую личность через познавательную деятельность развивать свои творческие способности и открывает возможности инновационных технологий.

Summary

Information technologies are requirements of today

Kusametova G.K., Raushanova I.M.

The basic requirements of informative society to give pupils of a basis information knowledge, to develop their logic - intellectual abilities, to use as the instrument of the development and to form them навыки and to adapt for informativny society. Correctly organizovny poznovatelny function of the personality and giving the chance to it to develop the creative abilities in process receiving knowledge and it is possible to change a polnostiya innovative technology.

Поступила 17.01.2013 г.